Sarqan

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● www.sarkan-gazeta.kz ● e-mail: Igiman01@mail.ru ● №40 (95145) 10 қазан 2025 ж.

# ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ XII САММИТІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

**Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, ерекше қонақжайлық көрсеткені үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке ризашылығын білдіріп, бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша, күн тәртібі өзекті екенін айтты.**

– Түбі бір түркі жұртының тарихы – тамырлас, халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар деп үнемі айтып жатырмыз. Мұның бәрі – берекелі бірлігіміз бен мәңгілік ынтымағымыздың алтын арқауы. Жақында елдеріміз «Түркі халықтарының ынтымақтастық күнін» атап өтті. Бұл – бірлігімізді бекемдей түсетін маңызды мереке. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы достас халықтардың басын қосқан мәртебелі әрі беделді құрылымға айналды. Былтырдан бері Ұйымға құрметті Президент Садыр Жапаров бастаған қырғыз елі тиімді төрағалық етті. Қырғыз тарапына ризашылығымызды білдіреміз. Енді төрағалық құрметті Ильхам Гейдар оглудың басшылығымен Әзербайжан тарапына беріледі. Алдағы уақытта да Ұйымымыздың абырой-беделі арта түседі деп сенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жаһандық қауіпсіздік жүйесі күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқанын атап өтіп, қақтығыстар мен шиеленістер, геосаяси текетірестер әлемнің кез келген мемлекетіне әсер ететін қауіпті үрдіске айналғанына тоқталды.

– Осындай алмағайып заманда 30 жылдан астам уақыт шешімін таппаған шиеленіске қатысты Әзербайжан мен Арменияның Бейбітшілік декларациясына қол қойғанын ерекше атап өткім келеді. Бұл тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жол ашатын тарихи мәміле болды. Қазір әлемдегі геосаяси ахуал аса күрделі, сондықтан түркі елдері ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс. Бүгінде жаһан жұрты бізді зор сын-қатерлерге төтеп бере алатын, беделі мықты, ынтымағы жарасқан мемлекеттер ретінде таниды. Бірқатар ел біздің Ұйымға ерекше қызығушылық танытуда. Бұл ретте Қазақстан ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдайды. Осы бастама біздің Ұйымның халықаралық беделін арттыруға жол ашатыны сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше.

– Кеңесті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру үдерісіне қолдау көрсеткен Әзербайжан тарапына, сондай-ақ барша түркі мемлекеттеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Түркі елдерінің қауіпсіздігі нығайту және сын-қатерлерге, соның ішінде терроризмге қарсы тұру жолындағы мақсат-мүддесі – ортақ, сондықтан осы бағыттағы ықпалдастығымыз табысты жүзеге асуда. Бәріміз жаһандық қауіпсіздікті сақтау жолындағы бастамаларды қолдап келеміз. Бірақ біз мұнымен шектеліп қалмауымыз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев көптеген елдердің шекараға бағынбайтын жаңа қатермен бетпе-



бет келіп отырғанын алға тартып, Ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құруды ұсынды.

– Бұл Кеңес мемлекеттеріміздің іс-қимылын үйлестіріп, күш жұмылдыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар цифрлық қауіпсіздік пен технологиялық байланысты бекемдей түседі. Биыл қыркүйекте осы тақырып бойынша Алматыда өткен конференция нәтижелері киберқауіпсіздік саласындағы ықпалдастықты күшейту аса маңызды екенін тағы да растады, – деді Президент.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты тұрақтылық пен өсіп-өркендеудің түп негізі ретінде атады. Сондай-ақ Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайды.

– Елдеріміз Шығыс пен Батысты, Оңтүстік пен Солтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабы – Еуразия төрінде орналасқан. Қазір Қазақстан аумағы арқылы 5 халықаралық теміржол дәлізі өтеді. Азия мен Еуропа арасында тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы Қазақстан арқылы жөнелтіледі. Жақында біз «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісін іске қостық. Бұл қадам ТрансҚазақстан теміржол дәлізін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Жаңа жол жүк тасымалының көлемін 5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа тағы да екі маңызды теміржол салынып жатыр. Осы жобалар аймақтық логистиканы әртараптандыру ісіне тың серпін беретіні анық. Транскаспий халықаралық көлік бағдары Еуразиядағы жол торабының стратегиялық бөлігіне айналды. Соңғы 5 жылда Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі 6 есе өсті. Жақында Ұйымға мүше мемлекеттердің көлік министрлері Алматыда бас қосты. Тараптар кездесуде осы жол бағдарына қатысты бірқатар келісімге қол жеткізді. Бұл ретте біз түркі мемлекеттерін Орта дәліз бойындағы әуе хабтары, теміржол бекеттері және теңіз порттары инфрақұрылымын жаңғыртуға белсене атсалысуға шақырамыз. Қазір көлік-транзит саласын цифрландыруға қатысты жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда Жасанды интеллект технологиясын пайдалану тиімді болатыны сөзсіз. Сондықтан беделді сарапшыларды тарта отырып, Ұйым аясында арнайы Цифрлық мониторинг орталығын құру мәселесін талқылауды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан цифрландыру ісіне, соның ішінде жасанды интеллект саласын дамытуға ерекше мән беретінін мәлімдеп, толық цифрлық ел болуды стратегиялық мақсат ретінде айқындағанын жеткізді.

– Жасанды интеллектіні жаппай дамыту үшін білікті мамандар даярлауды қолға алдық. Бағдарлама аясында жыл басынан бері 400 мыңнан астам студент арнайы білім алды. Сондай-ақ жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырмыз. Қазақстан осы оқу ордасында білім алуға ниет білдірген түркі елдерінің жастарына арнайы гранттар бөлуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салалар бойынша Ұйым аясында жүзеге асыруға болатын бірқатар бастамаға тоқталып өтті.

– Жуырда Астанада Alem.AI жасанды интеллект орталығы ашылды. Соның негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынамыз. Бұл Орталық стартаптарды қолдап, бірлескен жобаларды дамытуға жол ашады. Жасанды интеллект саласында тәжірибе алмасуға және венчурлік капитал тартуға мүмкіндік береді. Біз цифрландыру және жасанды интеллектінің әлеуетін халықтарымыздың игілігі үшін ұтымды пайдалануымыз қажет. Сонымен қатар жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдер мен сын-қатерлердің алдын алуымыз керек. Сондықтан келесі жылы Қазақстанда өтетін Ұйымның бейресми саммитін «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбына арнауды ұсынамын. Осы жиынның қарсаңында білікті сарапшылардың басын қосып, халықаралық конференция ұйымдастыруға дайынбыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі жағдайда энергетика мәселесіне де баса мән беру керек екенін айтты.

– Бұл – экономикамыздың тірегі, стратегиялық әріптестігіміздің негізі. Бүгінде біз ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудамыз. Энергия тасымалдаудың қауіпсіз әрі ыңғайлы жолдарын қарастырып жатырмыз. Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізі – осы саладағы жемісті ынтымақтастық үлгісі. Сонымен бірге жаңартылатын энергия көздеріне, ең алдымен, күн энергиясына айрықша назар аудару қажет деген ойдамыз. Осыған орай, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынамыз. Дегенмен мұнай мен газды, уранды, көмірді, сирек кездесетін минералдарды игеру және оларды тиімді пайдалану Қазақстанның энергетикалық стратегиясының негізі болып қала береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әлемде аса күрделі мәселеге айналған су тапшылығы таяу арада Орта Азиядағы ең өзекті сын-қатер болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше елдер арасында сауда-экономикалық және саяси ықпалдастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыс та нығайып келе жатқанын тілге тиек етті.

– Биыл Ақтау қаласы Түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Соның аясында бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Каспий жағалауында түркі мәдениетінің фестивалі өтті. Осы маңызды іс-шараға 100 мыңнан астам көрермен қатысты. Бұған қоса, биыл Алматы қаласы Түркі әлемі жастарының астанасы атанды. Біз өскелең ұрпақты бауырластық рухында тәрбиелеп, жастарымыздың мәдени ықпалдастығын нығайтуды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, келесі жылы Алматыда Креативті экономика форумын өткізуді ұсынамыз. Мұндай қадам жастарымызды жақындастыруға, олардың білімін және білігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар еді. Бұл іс-шараны Ұйымымыздың Ақсақалдар кеңесінің аясында өткізуге болады. Оның үстіне, Түркі әлемін зерттеушілер клубын құруды ұсынамыз. Оны Түркі Академиясының негізінде қалыптастыруға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөз соңында түркі халықтарының тұтастығы мен ынтымағын нығайта түсуге шақырды.

– Әзербайжанның әйгілі ақыны әрі осы тарихи жердің тумасы Бахтияр Вахабзаденің «Түріктің түрікке душпандық жасауға хақысы жоқ!» деген өсиеті бар. Біз аға буынның ұлағатты сөздерін жадымызда сақтап, түркілердің түбі бір туыс, бірлігі бекем бауыр екенін бүкіл әлемге паш етіп келеміз, – деді ол.

Мемлекет басшысы Ұйымға төрағалық ететін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке мол табыс және сәттілік тіледі.

Саммитте Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Реджеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев және байқаушы тараптардың басшылары сөз сөйледі.

## Мемлекет басшысы макроэкономикалық тұрақтылық мәселелеріне арналған жиын өткізді

**Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық даму сапасын арттыру және баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша кеңес өткізді.**

Жиынға Премьер-министр, Президент Әкімшілігінің басшысы, Ұлттық банктің төрағасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жетекшілері мен Үкімет мүшелері қатысты.

Кеңес барысында макроэкономикалық орнықтылықты нығайту, азаматтардың әлауқатын көтеру және инфляция деңгейін төмендету шаралары қаралды.

Президент халықтың табысын жақсартуда саннан сапаға көшудің



маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы орнықты дамыту үшін барлық жауапты мемлекеттік органдардың жүйелі жұмыс істеуі керек екенін айтты.

# Талдықорғанның дамуы: Бейбіт Исабаев қаладағы құрылыс нысандарын аралады

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласындағы бірнеше құрылыс нысандарын аралады. Өңір басшысы құрылыс жұмыстарының сапасын тексеріп, қала әкімі мен мердігер ұйымдарға бірқатар тапсырмалар берді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ең алдымен облыс әкімі 2006 жылы орнатылған қазақтың үш тұлғасы – Ескелді би, Балпық би және Қаблиса жырауға арналған «Үш ата» монументін және оның айналасын абаттандыру жұмысын тексерді. Жөндеу жұмыстарының сапасына көңілі толмаған облыс басшысы мердігер ұйым «Qyran qurylysshy» ЖШС жұмысына сын жасады. Атап айтқанда, плитка төсеу, тротуар мен баспалдақ салу кезінде кемшіліктер анықталды. Мердігер компания директорының орынбасары Аслан Бекенов барлық ескертулер уақытында түзетіліп, нысан белгіленген мерзімде тапсырылатынын айтты.

Келесі нысан – «Жетісу» шағын ауданы. Мұнда көпқабатты үйлердің аулаларын жөндеу жұмыстары жалғасуда. Балалар алаңдарының құрылғылары орнатылып, асфальт төселіп жатыр. Жалпы биыл Талдықорғанда 59 аула абаттандырылады, оның ішінде 11 – «Жетісу» шағын ауданында, 18 –«Жұлдыз» шағын ауданында. Сонымен қатар, 39 үйдің



шатыры жөнделіп, 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері жаңартылады, ал болашақта «Ғарышкер» мен «Мүшелтой» шағын аудандарында да осындай жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Еске салсақ, облыс әкімінің тапсырмасымен өткен жылдан бері ескі көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстары қолға алынған болатын. Алғашқы болып «Ұлан» шағын ауданындағы үйлердің ауласында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тұрғындар тарапынан оң бағасын алды. Қазіргі кезде бұл шағын аудандағы үйлердің қасбеттерін, шатырлары мен витраж жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Мұнан соң облыс әкімі «Құлагер» шағын ауданындағы жаңа саябаққа барды. Қала күніне орай пайдалануға берілген саябақ қазірдің өзінде тұрғындарының сүйікті орнына айналған. Облыс әкімі бұл нысандағы құрылыс пен абаттандыру жұмыстарын жоғары бағалады. Алдағы уақытта кезең-кезеңімен көгалдандыру жоспарлануда.

Қала әкімі Ернат Бәзілдің айтуынша, «Құлагер» шағын ауданында құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Қазіргі уақытта 500 пәтерге арналған үйлер салынып, сондай-ақ инвестор есебінен мектеп пен балабақша салу жоспарлануда.

Өңір басшысы тұрғын үй құрылысына да назар аударды. Жаңа салынған үйлерді қарап шыққан соң, Бейбіт Исабаев мердігер ұйым өкілдеріне сапаға ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

«Жастар-3» шағын ауданында бір мезгілде ондаған коттедж салынып жатыр. Бұл үйлер бірнеше ұйымдармен салынып, кейін мемлекет тарапынан тұрғын үй кезегінде тұрғандарға сатып алынады. Егер былтыр 56 үй сатып алынған болса, биыл тағы 220 үй алу жоспарлануда, ал жалпы бұл ауданда 780-нен астам коттедж бой көтермек. Сонымен қатар бұл шағын ауданда кезең-кезеңімен абаттандырылып, әлеуметтік нысандар салынбақ, қазіргі уақытта жол төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Жақында салынған коттедждердің бірін аралап шыққан Бейбіт Исабаев жоспарлау мен құрылыс сапасының жоғары деңгейде екеніне көз жеткізді.

Сонымен қатар, облыс әкімі ұзындығы 2,3 км болатын Қабанбай батыр көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта жұмыс Рүстембеков көшесінің қиылысында жүргізілуде. Айта кетейік, бұл учаскеде 30-ға жуық жұмысшы мен 13 техника тартылған, нысан қазан айының соңына дейін аяқталмақ.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# Жетісу облысында жаңа Салық кодексінің негіздері түсіндірілді

**Жетісу облысында жаңа экономикалық бағыт пен Салық кодексінің негізгі ережелерін түсіндіру мақсатында бизнес-қоғамдастық өкілдерінің, өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік кірістер аумақтық бөлімшелерінің қатысуымен кездесу өтті.**

Кездесуге Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев, Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудит департаментінің директоры Қадыр Исмағұлов, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агро азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу департаментінің ішкі сауда басқармасының басшысы Темірлан Маратов қатысты. Іс-шараның модераторы Жетісу облысы әкімінің орынбасары Асет Қанағатов болды.

Өз сөзінде Асан Дарбаев экономикалық саясаттың негізгі бағыттарына және алдағы үш жылға арналған республикалық бюджеттің жобасына тоқталды.

2026 жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексіндегі өзгерістер туралы Қадыр Исмағұлов баяндады. Ол жаңа енгізілімдердің мәні мен мақсатын түсіндіріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында қатысушыларға мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жалғастыру бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар берілді. Кәсіпкерлер өздерін толғандырған сұрақтарға толық жауап алды.

Іс-шара қорытындысында қатысушылар бизнес пен мемлекет арасындағы ашық диалогтың маңыздылығын атап өтіп, салық заңнамасындағы өзгерістермен алдын ала танысу кәсіпкерлердің жаңа жағдайларға бейімделуіне мүмкіндік беретінін атап өтті.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## Қыс мезгіліне 540-тан астам техника мен 28 мың тоннадан астам мұздан тазартатын материалдар дайындалуда

**Жетісу облысында қысқы маусымда жол желісін күтіп ұстауға 543 техника мен 28 мың тоннадан астам мұздан тазартатын материал дайындалуда, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автожолдарда және өңірдің елді мекендерінің ішкі жолдарында қысқы күтіп ұстау және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін 66 мердігер ұйым жұмылдырылады.

«Облыстағы жол жөндеу жұмыстары мамандандырылған мердігерлерге тапсырылды. Қазіргі уақытта жолдар қысқы мезгілге дайындалуда. Биылғы маусымда қар тазалауға 543 мамандандырылған техника жұмылдырылады деп жоспарлануда. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдарда 83, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда 150, елді мекендер ішінде 310 бірлік техника жұмыс істейді. 28 мың 700 тоннаны құрайтын мұздан тазартатын материалдардың қажетті көлемі бар. 310 тонна жанар-жағармай сатып алынып, қоймаларға жеткізілуде. Сонымен бірге қауіпті және таулы аймақтардағы жол жиектеріне тайғаққа қарсы материалдар да жеткізілті, – делінген облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы берген ақпаратта. Ағымдағы жылдың 15 қарашасына дейін республикалық және облыстық маңызы бар жолдарға уақытша жол белгілері орнатылады.

Айта кету керек, Жетісу өңіріндегі жолдардың жалпы ұзындығы 4 мың 19 шақырымды құрайды. Оның 1 мың 34 шақырымы республикалық маңызы бар, 2 мың 762,8 шақырымы облыстық, 222,3 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар.

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

***Аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Серікбаеваның мерекелік құттықтауы***

***Құрметті әріптестер! Қадірлі ұстаздар!***

*Сіздерді төл мерекеміз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Мұғалімнің жай ғана мамандық иесі емес, қоғамның озық тұлғасы ретінде беделін биіктеткен тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұстазды қоғамның басты кейіпкері ету - мемлекеттік саясаттың басым бағыты деп айқындаған болатын.*

*Сіздерге зор құрметпен шынайы алғысымды білдіремін. Осы орайда, білімді шәкірт тәрбиелеп, жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне өз үлестерін қосып жүрген әріптестеріміздің еңбектері көпке үлгі боларлық. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Н.Островский атындағы мектеп-лицейі республика көлемінде «ҮЗДІК 100 МЕКТЕП – 2025» қатарына еніп, аудан мерейін үстем етті!*

***Қадірлі әріптестер!***

*Сіздерге жас ұрпақты оқытудағы қажырлы еңбектеріңіз бен мамандықтарыңызға деген адалдықтарыңызға шын жүректен алғысымды білдіремін! Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат және жұмыста еңбектеріңізге жеміс тілеймін! Ұстаздар күні құтты болсын!*

# ҰСТАЗ - ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

**Ұстаз — тек білім беруші емес, ол ұлттың рухын, мәдениетін, адамгершілігін қалыптастыратын тұлға. Шамшырақ – қараңғылықта жарық беретін нұр болса ұстаз да айналасына білім мен тәрбиенің жарығын шашып, болашақ ұрпаққа жол көрсетеді. Ұстаз — әрбір адамның өмір жолындағы алғашқы бағыт беруші. Ол шәкірттің санасына біліммен қатар ізгілік пен адалдықтың дәнін егеді. Бүгінгі жас — ертеңгі елдің болашағы, ал сол болашақтың жарқын болуы ұстаздың еңбегіне тікелей байланысты.**

Ұлттың шамшырағы, қоғамның тірегі, рухтың сәулесі іспетті ұстаздарға құрмет осы аптада ауданымызда да көрсетілді. Құман Тастанбеков атындағы аудандық мәдениет үйінде кәсіби мерекеге орай «Ұстаз-ұлттың шамшырағы» атты салтанат осынау құндылықтарды тағы бір мәрте айшықтауымен әдемі, көрсетуімен құнды болды.

Ұстаздар мерекесіне арналған салтанаттың шымылдығын мемлекеттік гимн ашқан соң алғашқы сөзді Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев алып, шәкірттер санасына ізгілік нұрын сепкен ұстаздар қауымына деген жылы лебізін білдірді. Сала мамандарының еліміздің дамуындағы рөлі айрықша екендігін атап өткен Ғалымжан Қанатұлы барша мұғалімдерге мың алғыс деп шынайы құттықтауын ортаға салды.

Жүйелі жұмыс, табанды еңбек қашанда елеулі, мақтау мен мадаққа лайық. Ғалымжан Қанатұлы осындай қалтқысыз қызметімен көзге түскен бір топ педагогтарды жоғары біліктілігі мен кәсіби шеберлігін еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуге арнаған табысты еңбегі үшін Сарқан ауданы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапаттады.

Мерекелік марапаттан соң жүздері жарқын, мерейлері үстем ұстаздар қауымы аудан басшысымен естелік суретке түсті.

Еңбек жолын жаңадан бастаған жас мамандар да сахна төрінен табылды. Салтанат ұстаздар күніне арналған концерттік бағдарламамен түйінделді.

**Партия ЖЕҢІСХАН.**

●Жолдау - өрлеу өзегі

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында жасанды интеллект мәселесіне жеке тоқталып, оны білім саласына, жалпы әр салаға енгізу табыс көзі, жетістік бастауы болатындығын айрықша атап өтті.

Президентіміз «Экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейді. Бұл жерде білім беру саласы айрықша рөл атқарады. Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатыр. Әлемде жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді.

Жұмыс үдерістерінің едәуір бөлігі цифрлық технологияларды енгізу арқылы автоматтандырылатыны анық. Жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс.

Осыған орай бірқатар бастаманы жүзеге асырған жөн. Ең алдымен, мектеп оқушыларына арналған жасанды интеллект негіздері туралы бағдарлама және оқу материалдарын әзірлеу қажет. Ұстаздардың жасанды интеллект технологиясын меңгеру дағдысын да қалыптастыру керек болады» деді.

Жасанды интеллектіні сабақ барысында қолданудың тиімділігі өте жоғары, өйткені ол оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, сапасын да арттырады. Сондықтан негізгі артықшылықтарына жеке жеке тоқталғым келеді. Жеке оқу траекториясын қалыптастыру. Бұл дегеніміз әр оқушының деңгейіне қарай тапсырмалар беру. Қиындық туғызған тақырыптарды автоматты түрде қайталап үйрету. Уақытты үнемдеу. Яғни мұғалімге дайын сабақ жоспарларын, көрнекіліктерді, жаттығуларды тез дайындауға көмектеседі. Тексеру жұмыстарын автоматтандырады. Оқыту әдістерін әртараптандыру. Бейнематериал, интерактивті ойын, симуляция сияқты құралдар арқылы сабақтың қызықты өтуіне ықпал етеді. Виртуалды ассистент оқушы сұрағына бірден жауап беріп, қосымша түсіндірме ұсынады. Шығармашылық қабілеттерді дамыту. Эссе жазу, жоба қорғау, дизайн жасау сияқты тапсырмаларда жаңа идея ұсынуға жәрдемдеседі. Оқушыны креативті ойлауға ынталандырады. Мұғалімнің кәсіби қолдаушысы. ЖИ оқу үрдісін бақылап, деректер талдау арқылы қай тақырыптың меңгерілу деңгейін анықтап береді. Оқыту сапасын арттыру үшін ұсыныстар ұсынады. Қолжетімділік. Онлайн платформалар арқылы кез келген жерде, кез келген уақытта білім алуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды, керісінше, оның жұмысын жеңілдетіп, оқушыларға білімді қызықты әрі тиімді жеткізуге жағдай жасайды.

**Х.ДУВИЕН,**
**Абай атындағы мектеп-гимназияның**
**мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі.**

## Дроперлік – «жеңіл табыс» па, әлде қылмыстық жауапкершілік пе?

*Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және соның арқасында дамудың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы маңызды реформаларды жалғастырамыз, жүйелі жұмысты тоқтатпаймыз.*

*Тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық.*

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

*Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды.*

*Менің басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді.*

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың**
**Қазақстан халқына Жолдауынан.**

Соңғы кезде Қазақстанда «дроперлік» деп аталатын жағдайлар жиілеп барады. Бұл – ақша үшін немесе сыйақыға өз атыңызға банк картасын, электрондық әмиянды немесе SIM-картаны рәсімдеп, кейін оны бөгде адамдарға беру. Мұндай ұсыныстар көбіне интернет пен әлеуметтік желілерде «оңай табыс» ретінде таралады.

Алайда мұндай әрекет қылмыс болып саналады. Бұл карталар мен шоттар арқылы алаяқтық жолымен немесе басқа да заңсыз жолмен алынған ақша өткізіледі. Картаның иесі де қылмыстық схемаға қатысушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылады, тіпті бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің деректеріне сүйенсек, дроперлік схемаларға көбіне жастар, студенттер мен жұмыссыздар тартылады. Сырттай зиянсыз көрінетін «қосымша табыс» іс жүзінде үлкен мәселе мен сот ісіне әкелуі мүмкін.

Департамент облыс тұрғындарын мынадай сақтық шараларын ұстануға шақырады: – өз атыңызға банк картасын, электрондық әмиянды немесе SIM-картаны бөгде адамдар үшін рәсімдемеңіз; – жеке деректер мен құжаттарыңызды бөтен адамдарға бермеңіз; – күмәнді ұсыныстардан бас тартып, қажет болса полицияға хабарласыңыз.

Есіңізде болсын: «жеңіл ақша» үлкен қиындыққа ұласуы мүмкін. Өзіңізді, жеке деректеріңізді қорғаңыз және бұл туралы жақындарыңызға ескертіңіз.

**Әсем МУСАНОВА,**
**ҚР БП ҚС ж АЕАКД Жетісу облысы бойынша Өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің аға прокуроры.**

## 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (жерленген) қазақстандық жауынгерлердің туыстарын іздестіру

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай» Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан (жерленген) 5392 қазақстандық жауынгерлердің оның ішінде Сарқан аудандық әскери комиссариатымен және Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариатымен шақырылған жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету туралы хаты келіп түсті.

Жауынгерлердің туыстарын табуға көмек көрсету мақсатында, туыстары табылған жағдайда, мына мекен-жайға хабарласуыңызды сұраймыз. Тел: 8(72839)2-21-56, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қ-сы, Жамбыл көшесі №96.

## Поиск родственников воинов-казахстанцев, погибших (похороненных) в Великой Отечественной войне в 1941-1945 годах

Общественным объединением «Atamnyn Amanaty» в ознаменования «80-летия Победы в Великой Отечественной войне» составлен список из 5392 казахстанских воинов, скончавшихся во время Великой Отечественной войны, из них призываемых в годы ВОВ Сарканского и Бурлитобинского районов с просьбой оказать содействие (установления) в поиске родственников казахстанских воинов. Для оказания содействия (установления) в поиске родственников воинов просим Вас обратиться по адресу: г.Саркан, ул.Джамбула,96 Сарканского района, области Жетысу. Тел: 8(72839)2-21-56.

**С.АЙМУХАНОВ,**
**Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.**

Список бойцов призванных из Жетысуской области (в связи со сменой территориально-административного деления в список включены бойцы, призванные из Алматинской области)

| Ф.И.О | Дата рождения | Место рождения | Место призыва | Дата призыва | Воинское звание | Последнее место службы | Дата выбытия | Примечание (родственники, адрес) | Причина выбытия | Место захоронения |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | 1922 | Алматинская обл., Сарканский район, с. [illegible] | | | ст. сержант | 3 Укр.ф. 57 А, 64 ск, 73 гв. сд, 214 гв. сп | 22.11.1944 | [illegible] | умер от ран | Сербия |
| [illegible] | 1926 | Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Сарканд | Сарканский РВК Казахской ССР Алма-Атинской обл. | | красноармеец | | 05.07.1944 | [illegible] Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Сарканд | | Беларусь, Поставский р-н, Витебской обл. |
| Дубовик Николай Григорьевич | 1926 | Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | Сарканский РВК Казахской ССР Алма-Атинской обл. | | рядовой | | 06.07.1944 | отец - Дубовик Григорий [illegible], Черниговская обл., г. [illegible], ул. Краснофлотская, д.42 | | Беларусь, Поставский р-н, Витебской обл. |
| [illegible] | 1926 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | 05.11.1943, Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | 05.11.1943 | красноармеец | 204 СД 706 сп | 16.08.1944 | | убит | Литва |
| [illegible] | 1926 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Карталы | Кировский РВК, Казахская ССР, г. Каратаңда, Кировский р-н | | рядовой | штаб-46 Гв. сд | 16.10.1944 | | убит | Литва |
| [illegible] | 1909 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Сарканд | __.07.1941, Кировский РВК, Кировская обл., Кировский р-н | __.07.1941 | рядовой | 1 Гв. СД | 15.07.1944 | | убит | Литва |
| [illegible] | 1926 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Сарканд, ул. Куйбышева, 7 | 17.02.1944, Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | 17.02.1944 | красноармеец | 204 СД 700 сп | 18.07.1944 | | убит | Литва |
| [illegible] | 1903 | Алма-Атинская обл., Бурлютобинский р-н, д. [illegible] | РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Бурлю-Тобинский р-н | | рядовой | 80 Гв. сд 248 гв.сп | 27.07.1944 | | погиб | Литва |
| [illegible] | 1926 | Казахская ССР, Алма-Атинская обл., [illegible] р-н, г. Сарканд, ул. Горького, 3 | Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | | рядовой | 204 СД | 10.08.1944 | | умер от ран | Литва |
| [illegible] | 1909 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, к/з Пролетарий | __.__.1941, [illegible] РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл. | 1941 | рядовой | 677 СП | 29.10.1944 | | умер от ран | Литва |
| [illegible] | 1926 | Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Антоновка | __.__.1943, Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | 1943 | ефрейтор | 245 СП | 31.10.1944 | | умер от ран | Литва |
| [illegible] | 1897 | Казахская ССР, г. Алма-Ата | __.__.1943, Алма-Атинский ГВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., г. Алма-Ата | 1943 | красноармеец | ФОЭП-1 | 01.02.1945 | | умер от ран | Литва |
| [illegible] | 1924 | Сарканский р-н, с. Сарканд | Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканд | | младший лейтенант | | 06.05.1945 | | | Чехия |
| [illegible] | 1912 | Кара-Тобинский с/с, Сарканский р-н, Алма-Атинская обл., Казахская ССР | Сарканский РВК | | Ефрейтор, Сапер | 11-й отд. штурмовой инженерно-саперной бригады РГК | 18.08.1943 | | погиб | Донецк |
| [illegible] | 1924 | Сарканский р-н, [illegible] | | | гв. рядовой | | 19.08.1945 | | | Чехия 2020 |
| [illegible] | 1900/1907 | КазССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с/с с. Сарканд | призван Сарканским РВК Алма-Атинской обл. | | красноармеец | | | [illegible], проживала Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, у.з. | пропал без вести | Смоленская обл. |
| [illegible] | 1918 | Алма-Атинской обл., Сарканского РВК | | | | 7 гв.А | 07.01.1944 | | | Волгоград |
| [illegible] ([illegible]) Дмитрий [illegible] | | Сарканский р-н, село Черкасс. | | | лейтенант | 1084 сп, командир бат. | 13.11.1941 | | | Вологодская область |
| [illegible] Анатолий [illegible] | | с. Карган | | | красноармеец | 45 гв. д. др.д. [illegible] | 11.05.1943 | | | Вологодская область |
| [illegible] | 1900 | Казахстан, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | | | | | 26.01.1943 | | погиб | Курская область |
| [illegible] | 1898 | Казахстан, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | | | | | 22.02.1943 | | погиб | Курская область |
| [illegible] | 1899 | Казахстан, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | | | | | 20.02.1943 | | погиб | Курская область |
| [illegible] | 1924 | Казахстан, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, Н.-Покровский с/с | | | | | 23.08.1943 | | погиб в бою | Курская область |
| [illegible] | 1912 | Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Бурлю-Тобинский р-н, р.п. Лепсы | РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Бурлю-Тобинский р-н | | | | __.03.1943 | | | Новгород |
| [illegible] | 1918 | Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н, с. Петропавловка | Сарканский РВК, Казахская ССР, Алма-Атинская обл., Сарканский р-н | | | | | | | Новгород |
| [illegible] | | Алма-Атинская обл., Бурлютобинский р-н, ст. Лепсы, с/х комбинат | | | | | | | | Новгород |
| [illegible] ([illegible]) | 1917 | Талды-Курганская обл., Бурлю-Тобинский р-н [illegible] с/с | Бурлю-Тобинский р-н РВК | 20.05.1939 | красноармеец | | | | | ПДР №[illegible] 23.06 |
| [illegible] | 1922 | Казахская ССР, Сарканский р-н, Сарканд | | | ст. сержант | | 07.05.1945 | | | Чехия 2020 |

●*Құман Тастанбеков - 80*



# Өнердегі ер тұлға

Қазақ сахна өнерінің биік шоқтығы, халықтың сүйікті ұлы, ұлт руханиятында өшпес із қалдырған Құман Тастанбековтың туғанына биыл 80 жыл толып отыр. Осыған орай Талдықорғандағы Салтанат сарайында тағылымды дөңгелек үстел ұйымдастырылып, ардақты актердің өнердегі орны мен өмір жолы кеңінен әңгіме болды.

Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Бикен Римова атындағы драма театры бірлесе өткізген шараға М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры, өнертану ғылымдарының кандидаты Еркін Жуасбек, белгілі театр сыншысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанова, актёрдің жары – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Меруерт Өтекешова, сондай-ақ сахна саңлақтары Рахилям Машурова, Саят Мерекеұлы, Болат Әбділманов, Мұратжан Мұқажанов және қос театрдың жас әртістері қатысты.

Алғашқы сөзді алған Еркін Жуасбек:

– Құман Тастанбеков – тек Жетісудың ғана емес, күллі қазақ елінің мақтанышы. Оның өнердегі өрнекті жолы – бүгінгі және келер ұрпаққа өнеге. Сондықтан да бұл мерейтойды туған жерінде атап өту – біз үшін мәртебе, – деп ой бөлісті.

Дөңгелек үстелде белгілі өнертанушы, театр сыншысы Әлия Бөпежанова «Асыл өнер таптырмас алмасқа ұқсас» атты баяндамасын жасап, Құманның сахнадағы даралығын, тұлғалық болмысын терең талдады. Оның айтуынша, Құман Тастанбеков сомдаған кейіпкерлер – қазақ рухының, ұлттық мінездің көркем айнасы.

Актердің курстасы, сахна саңлағы Рахилям Машурова өткен күндерді тебірене еске алып:

– Оның өнердегі жолы – ел аузында аңыз болып қала береді. Арманым – Сарқан ауданындағы Мәдениет үйінің ішіне не сыртына бюсті қойылса, елдің құрметі арта түсер еді, – деген ұсынысын білдірді.

Ал актер Болат Әбділманов:

– Құман елдің ғана емес, Жетісудың да перзенті. Мұндай шараға облыс басшылығы ғана емес, тіпті республикалық деңгейдегі тұлғалар қатысуға тиіс еді. Құман Тастанбеков – ұлтқа ортақ тұлға. Сол үшін Талдықорған төрінде ескерткіші орнатылса, елдің еңсесін көтеретін дүние болар еді, – деген жүрекжарды ойын жеткізді.

Көпшіліктің көзіне жас үйірген сәттің бірі – Меруерт Өтекешованың сөз алуында болды. Қазақтың сүйікті актрисасы, Құманның өмірлік жары:

– Құманымның туған жерінде осындай құрметке ие болуы – мен үшін ғана емес, барша қазақ үшін үлкен қуаныш. Өнердегі жолымыз бірге өрілгенімен, Құманды халық мәңгілікке өз жүрегіне сақтап алды. Жетісудың топырағы біз үшін әрқашан ыстық. Осындай шара арқылы Құманның рухына тағзым еткендеріңізге шексіз алғыс айтамын, – деді.

Кешкісін Б. Римова атындағы театрда Әуезов театры музейінің ұйымдастыруымен «Өнердегі ер тұлға» атты көрме ашылып, артынша «Қыз Жібек» спектаклі қойылды. Бұл мерекелік кешке облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов арнайы келіп, облыс әкімі атынан ыстық ықыласын білдірді. Ол сахна саңлағының өнердегі орнын айрықша атап өтіп:

– Құман Тастанбеков – қазақ руханиятының қазынасы. Оның бейнелері халықпен бірге жасай береді. Бұл шара – сол еңбектің бағалануы, – деді. Сонымен қатар ол қазақ дәстүрімен Меруерт Өтекешованың иығына шапан жауып, басына орамал тағу рәсімін орындап, гүл шоқтарын табыс етті.

Осылайша, Құман Тастанбековтың 80 жылдық мерейтойы туған жерінде айрықша рухта аталып өтті. Сахнада сомдаған кейіпкерлерімен халықтың жүрегінде мәңгілікке қалған актерге деген сағыныш пен құрметтің символына айналды.

Басқосуда айтылған басты ұсыныс – Талдықорған төрінен ескерткіш тұрғызу – халықтың шынайы аманаты. Себебі Құман Тастанбеков – тек сахнаның ғана емес, елдің ар-намысы мен асқақ рухының көрінісі. Оның есімі ел есінде, рухы ұрпақ санасында мәңгі жасай бермек. Мерейтойлық дастарханда сарқандық делегация аудан әкімі атынан Құман Тастанбековтың асыл жары, сахнадағы әріптесі Меруерт Өтекешоваға гүлмен көмкерілген сыйсияпат ұсынып, ізгі тілектерін ортаға салды.

**Сарби ӘЙТЕНОВА.**

## *Ажырамас қос ұғым*

Айтылады ағамыздың сан қыры,
Өмірдегі, сахнадағы тағдыры.
Құман аға... Өнердегі құбылыс,
"Қыз Жібектен" бастау алған
даңғылы.

Кейіпкердің жүрек үнін тыңдады,
Өз рөлінің ашты тылсым жұмбағын.
Таңғы шықтай тазалығын жыр етем,
Ойға алғанда қайталанбас тұлғаны.

Жастарға тән тауды бұзу, тасты үгу,
Бойларында талап, талант, от қызу.
Көрерменді табындырған сонау жыл,
Он жетіде Меруерт ханым хас сұлу.

Махаббаттың символы деп осы күн,
Құрметтейміз қос дарынның есімін.
Қоныс тапты көңіліміздің төрінен,
Құман - Меруерт... Ажырамас қос ұғым.

**Жомарт ИГІМАН.**



# АУЫЛ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ

Кітап – білімнің қайнар көзі. Ал, сол кітапты елге жеткізіп, оқырман мен руханиятты жалғаушы – кітапханашы. Біздің, Көктерек ауылында осындай бір шынайы жан бар. Ол – мектеп кітапханашысы, аудандық "Сарқан" газетінің тәуелсіз тілшісі, 50-ге жуық мақалалары мен 30-ға жуық өлеңдері газет бетінде жарық көрген, ауылдың тыныс-тіршілігіне белсене араласқан ақынжанды азамат – Қасенова Гүлшат Тоқтаубекқызы.

Гүлшат апай 1964 жылы қазан айының 11 - жұлдызында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Маңырақ елді мекенінде дүниеге келді. 1972 жылы Ахметбұлақ ауылындағы Қазақстанның 30-жылдығы атындағы 8-жылдық мектебінің 1-сыныбына оқуға барып, 1982 жылы Қазақстан совхозындағы М. Горький атындағы (кейін бұл мектепке сол кездегі мектеп директоры болған Қабден Ақыновтың аты берілген) орта мектебін бітірді. Әкесі Қасенов Тоқтаубек 8-жылдық орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі, анасы Қасенова (Акимжанова) Күляш Ахметбұлақ елді мекенінің медпунктінде фельдшер - акушер болып еңбек етіп, елінің құрметіне бөленген жандар. 1982 жылы мектеп бітірісімен Алматы қаласындағы КазГУ-дің заң факультетіне оқуға түседі, бірақ толық аяқтай алмай 1984 жылы Көктерек ауылына келін болып түседі. Содан бері 41 жыл осы ауылда еңбек етіп келеді. Жолдасы Каримов Шамиль осы ауылдың азаматы. Бір қыз, үш ұлын оқытып жеткізіп, немере сүйіп отырған ардақты ана, ақылшы ата-әже. 2003 жылдың наурыз айынан бастап М. Мәметова атындағы орта мектебіне кітапханашы болып жұмысқа қабылданды. Содан бері 22 жыл осы салада табысты еңбек етуде. Ол кісінің еңбегі тек кітапханада кітап тізумен шектелмейді. Жас ұрпақты кітап оқуға баулу, әдебиетке қызығушылық ояту жолында түрлі танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Кітапханада "Қаламгер" үйірмесін ашып, өлең шығаруға құмар оқушыларын қабылдады. Олар, Құрманалина Нұрдана, Манкишева Жадыра, Қазыкенов Асқар, Брекеева Сафура, Каримова Самал, Нығмет Ерасыл, Шакен Абылай. Осы оқушылар өлең шығарып, оны мәнерлеп оқудан аймақтық, аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындар алды. Кітапханада өткен әрбір кеш – оқушылар үшін шабыт болды, келешегіне оң ықпал жасап, мамандық таңдауларына көмегін жасады.



Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы қарсаңында мәдениет үйінің алдындағы Мемориал тақталарындағы аттары өшіп бара жатқан ардагерлердің тізімін қайта қалпына келтіруге бастама жасады. Сол жылы ауылымыздың белсенді азаматтары Көктерек ауылының Ұлы Отан соғысының мемориалды тақтасын жаңартып, ашылу салтанатын жасады. Кеңес әскерінің Ауған жеріне шығарылуына 25 жылдығы қарсаңында ауылымыздан сол соғысқа барған ардагерлердің өмірбаянымен ерліктері жазылған альбомы шығарылды.

Сонымен қатар, ол кісі – ауыл азаматтары жайлы жүрек тебірентерлік мақалалар жазып жүрген шынайы тілші. Оның мақалалары облыстық, аудандық газет бетінде жиі жарық көріп, ауыл өмірінің айнасына айналды. Туған жерге, елге деген шынайы сүйіспеншілігі әрбір жолынан айқын сезіледі. Ақын жүректі кітапханашының өлеңдері де ел арасында кең таралып, оқырманның көңілінен орын тапқан. "Жерлестеріме", "М. Төлебаевқа арнау", "М.Мәметова арнау" т.б. өлеңдері мектепішілік іс – шараларда жиі оқылады.

Осы уақыт аралығында көптеген мақалалары мен өлеңдері аудандық "Сарқан" газетіне, облыстық "Жетісу", республикалық "Білім шапағаты", "Жәрдем" газеттерінде жарық көрді. Ол, тек руханияттың қызметшісі ғана емес, ауыл рухының тірегі, шын жанашыры. Осындай жанның еңбегі – мақтауға да, марапатқа да лайық. Еңбегі ескерусіз қалмай бірнеше мәрте облыстық, аудандық " Алғыс хат", "Құрмет грамоталарымен" марапатталды. Елі үшін еңбек еткен ердің ізі ешқашан өшпек емес. Білім мен руханиятқа сарқылмас үлес қосқан Қасенова Гүлшат апайымыз бүгінде еңбек жолын аяқтап, зейнеткерлікке аяқ басып отыр. Ұзақ жылғы еңбегіңіз – кейінгі ұрпаққа үлгі, сөзіңіз – ұлағат, ісіңіз – аманат. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаттыққа толы бейнеттің зейнетін тілейміз. Енді өзіңіз үшін, отбасыңыз үшін жайлы да шуақты күндер көп болсын!

Әр пенденің ғұмырына тізгін, әрі қорған болатын жұдырықтай жүрегімен таудай талап арқалаған арман-тілегі болады десек... Сол бір асқақ арманға толы асау жүрекпен көл-көсір мейірім арқылы айналаға іңкәрлікпен қараймыз. Оның әрбір соғысы, әр лүпілі бізді алға жетелейді. Еңбегіңіздің жемісі артынан ерген ұрпақтың жетістігімен жалғаса берсін! Зейнетіңіз баянды, өміріңіз мәнді болғай!

**Қанат АМАНБАЕВ,**
**М.Мәметова атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**

# Қарттарын қадірлеген ел ардақты

**Қарттар күні – халықаралық мерекесі 1990 жылдың 14–інші желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясында ресми бекітілген. Халықаралық қарттар күні 1991 жылдан бері 1 қазанда тойланып келеді.**

Қарауылтөбе ауылында да осы мерекені тойлау, қарттарға көмек көрсету дәстүрге айналған.

Бірінші кезекте барлық қарттарды 1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесімен Қарауылтөбе орта мектебі ұжымы атынан құттықтаймыз!



Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуі, еліміздің бейбіт, тыныш өмір кешуі өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілдік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында.

Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты. 1-қазан Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай мектепішілік іс-шаралар жоспарына сәйкес ауылда ардагер ұстаздардың, қарттардың тізімін анықтау, «Қария-қазына», «Қарттарын ардақтаған елдің қазынасы мол» тақырыптарында сынып сағаттары, мектеп оқушылары тарапынан қарттарға көмек көрсету, концерттік бағдарлама, «Ата-әжеге бір күлкі сыйла» акциясы өткізілді.

1-қазан - Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай өткізілген іс-шараларға мектеп ұжымы толық атсалысты.

**С.ТОҚТАРБАЕВ,**
**Қарауылтөбе орта мектебінің АӘжТД оқытушы-ұйымдастырушысы.**

# Туған жерге тағзым!



**Айгүл АЛЬЧИМБАЕВА,**
*педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ҚР Білім саласының үздігі, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі.*

Жер жәннәты Жетісудың
қанатында,
Сылдыр аққан Лепсі өзенінің
сағасында.
Тарихы тереңнен тартқан
Шұбартүбегім
Дархан далам, Балқашымның
жағасында.

Бөрлітөбем, Қарашыған
қойнауында,
Құтты мекен, сайран салған
құс бағында.
Тасып-тулап толқындары
дем береді,
Шағаласы, көлді сызып
ұшқанында!

Қанатыңнан талай ұшқан
дүлдүлдер,
Дара Мұқан, бұлбұл-Сара
өскен жер,
Еркеғали, Кәдірбекті тербеткен
Бесігіңнен сусап ақты-ау
сан кемеңгер!

Ауылым, туып өстім баурайында,
Қуат алып, қанаттандым
құшағында
Сағынышпен аңсап келем
мекенімді,
Мың мәрте кетсемдағы
шет жыраққа.

Туған жерім, туған елім,
асқар тауым
Қасиетті,қазыналы Қарашығаным.
Сарқылмайды сағынышым,
іздеп келем
Соққанынша мәңгі, лүпілдеген
жүрегім!

# ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ




**2025 жылдың 1 қазан күні Сарқан ауданына қарасты Мұқан Төлебаев ауылында Халықаралық қарттар күні аталып өтті. Ауылдық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған мерекелік шарада ақ жаулықты аналар мен ардақты ақсақалдарға құрмет көрсетіліп, жылы лебіздер айтылды.**

Сонымен қатар осы күні ауылда жаңа қатымханаңың ашылу салтанаты өтті. Ауыл әкімі Гүлнұр Тоқтарбекқызы құрылысқа үлес қосқан азаматтардың еңбегін ерекше атап, оларға Алғыс хаттар табыстады. Ақсақалдар алқасының төрағасы Шалтаев Берікбол Манбайұлы да сөз сөйлеп, ауыл игілігіне атсалысқан әрбір жанға ризашылығын білдірді.

Мерекелік дастархан басында Құран оқылып, қарияларымыз ақ батасын берді. Әсіресе аналардың ақ тілегі мен ақсақалдардың батасы – жастар үшін үлкен өнеге болды. Шара аясында ауылдық кітапхана қызметкері ауылдың ардақты әжесі Алтаева Кенжетайдың шаңырағына арнайы барып, мерекелік құттықтауын жеткізді. Әжеміз ризашылықпен батасын беріп, жастарға ақ жол тіледі.

Бұл мереке ауыл тұрғындарының бірлігі мен ұйымшылдығын көрсетіп, қарттарға деген құрметтің айқын көрінісі болды.

**А.ДЮСЕМБИНА,**
**Мұқан Төлебаев ауылдық кітапханашысы.**

# ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ

1 қазан – Қарттар күніне орай Лепсі ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Қарты бар ел – қазыналы ел» атты кездесу кеші өтті. Шараға кітапхананың тұрақты зейнеткер оқырмандары Қалимулдин Жұмағали ата мен Қалимулдина Роза апа құрметті қонақ ретінде шақырылды.

Іс-шараға К.Ушинский атындағы орта мектептің 6-сынып оқушылары, мектеп кітапханашысы, сондай-ақ Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының «Лепсі ауылы» оқытушысы М.Айтова қатысты.

Кеш барысында оқушылар өлең оқып, өнерлерін ортаға салды. М.Айтова мен Г.Жакиманова құттықтау сөздерін жеткізді. Өнер көрсеткен оқушыларға сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар Қалимулдин Жұмағали ата мен Қалимулдина Роза апаға кітапхана атынан алғыс хаттар ұсынылды.

Бұл кеш ардагер оқырмандарға деген құрметті арттырып, жас ұрпаққа үлкенді сыйлау, құрметтеу үлгісін насихаттады.

**М.ҚАИРЖАНОВА,**
**Лепсі ауылдық кітапханасының меңгерушісі.**

# Мошенники осваивают новые схемы обмана!Будьте бдительны!

В условиях активного развития цифровых технологий граждане получают всё более широкий доступ посредством сети Интернет к государственным, финансовым и иным электронным услугам. Однако, одновременно с этим, активно развиваются способы и методы преступлений в сфере интернет-мошенничества. Просим Вас быть особенно внимательным - мошенники активно пользуются возможностями быстро развивающегося искусственного интеллекта, создавая видео, аудиозаписи и изображения, в которых лица и голоса людей заменяются на реальные. Оказывая психологическое давление и используя доверие граждан к официальным структурам, мошенники часто представляются сотрудниками государственных органов, банков, правоохранительных органов, операторов связи и других организаций с целью получения доступа к персональной и финансовой информации.

В целях вашей безопасности и предотвращения мошенничества АО «ЕНПФ» напоминает:

• Оформление пенсионных выплат происходит без посредников и комиссий;

• ЕНПФ не взимает плату при оказании услуг, а все выплаты осуществляются строго по закону;

• Целевое использование накоплений на жилье и лечение осуществляется только через уполномоченных операторов (банки второго уровня);

• Работники государственных органов, банков, правоохранительных структур, операторов связи и ЕНПФ никогда не запрашивают по телефону, электронной почте или через мессенджеры персональные данные, реквизиты банковских карт, SMS-коды и иную конфиденциальную информацию;

• Если звонящие обращаются к Вам по имени и отчеству и знают ваш адрес проживания и место работы, это не означает, что эти люди являются официальными лицами. Все необходимые данные можно получить разными способами.

В случае получения подозрительного звонка, сообщения или письма рекомендуется:

• Немедленно прекратить общение с предполагаемым злоумышленником.

• Зафиксировать информацию о контакте (включая скриншоты переписки, номера телефонов, электронные адреса, ссылки на сайты и иные данные).

• Обратиться в правоохранительные органы или в службу поддержки соответствующей организации (банка, оператора связи и т. д.) для уточнения информации и принятия дальнейших мер.

ЕНПФ настоятельно рекомендует получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений Вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;

- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра 1418, а также посредством WhatsApp по номеру +7 777 000 1418;

- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «Х» и «Instagram».

Ознакомьте своих близких, особенно пожилых родственников, с правилами информационной безопасности.

Соблюдайте меры предосторожности и тем самым Вы обеспечите сохранность, безопасность и конфиденциальность своих персональных данных.

# Конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

| № | Жер учаскелерінің орналасу орны | Ауыл шаруашылық түрі | Жер учаскесінің алаңы, га | Жер учаскесінің пайдалану мақсаты | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бонитет | Сумен қамтамасыз етілуі | Инфрақұрылымға қол жетімділігі | Жалдау түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 1 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | 2 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 2 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 3 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 4 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | 22 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 5 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | 18 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 6 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 7 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 8 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 9 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 10 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 11 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 12 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 13 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 14 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 15 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 16 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 17 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 18 | Сарқан ауданы, [illegible] | Жайылым | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 19 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 20 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 21 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 22 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 23 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 24 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 25 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 26 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 27 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 28 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 29 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 30 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 31 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 32 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 33 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 34 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 35 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 36 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 37 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] | | | | | | | | | |
| 38 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 39 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 40 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 41 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 42 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 43 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 44 | Сарқан ауданы, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |

**Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама**

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 26 тамыздағы № 261 бұйрығымен "Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен

*(Жалғасы 7-бетте).*

# Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

| № | Место расположения земельного участка | Вид сельскохозяйственных угодий | Площадь земельного участка, га | Целевое назначение земельного участка | Качественная характеристика почв | Балл бонитета | Водообеспеченность | Сельскохозяйственной инфраструктуры | Вид права |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 1 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | Для ведения крестьянского (фермерского) хозяйства, сельскохозяйственного производства | [illegible] | 3 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 2 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 3 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 4 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | 22 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 5 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | 18 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 6 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | 54 | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 7 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 8 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 9 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 10 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 11 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 12 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 13 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 14 | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 15 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 16 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 17 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 18 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 19 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 20 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 21 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 22 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 23 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 24 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 25 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 26 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 27 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 28 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 29 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 30 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 31 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 32 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| [illegible] сельский округ | | | | | | | | | |
| 33 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 34 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 35 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 36 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 37 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 38 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 39 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 40 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 41 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 42 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 43 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |
| 44 | Сарканский район, [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] | [illegible] |

**Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноно производства**

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 26 августа 2025 года № 261 «О внесении изменений и дополнений в приказ Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года № 518 "Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней, с 10 по 28 ноября, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 28 ноября 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 01 декабря 2025 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица

*(Продолжение на 7-ой странице).*

*(Жалғасы. Басы 6-бетте).*

өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 10 мен 28 қарашаға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 28 қараша айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың 01 желтоқсан айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

Аквашаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады.";

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы ___________"______ " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

**Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.**

*(Продолжение. Начало в 6-ой стр.).*

Тауелсиздик №111) в большом зале районного акимата Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "___" _______ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

**Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.**

*•101 ескертеді*

# Пешке от жаққанда абай болайық

Тұрғын үйлерде пешке от жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталмауы жиі кездеседі. Мысалыға алатын болсақ Тұрғын секторда от жағу кезеңінде өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы жиі кездесудің салдарынан бұзушылықты жою үшін ӨҚҚБ қызметкерелері тұрғын үй иелерін әкімшілік жауапқа тартады. Тұрғын үйлерде көбінесе кездесетін өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылушықтары отты пайдаланғанда және пешке от жаққанда қараусыз қалдыруы, ошақ, монша салғанда өртке қарсы нормаларын ескермеуі. Электр сымдарының ақауларына қарамауы және электр есептегішіне қолдан жасалған қорғандырғыш қолдануынан. Тұрғын үйде көбінесе пештен әлде қысқа тұйықталуынан өрт жиі болуда. Тұрмыстық электр жабдықтарын пайдаланғанда да абайлық сақтамайды. Тұрғындарға айтарымыз пештің түтіндігін үш айда бір рет қара күйеден тазартып отыруын, түтіндікті тазартпауы салдарынан түтіндік дұрыс тартпай адамдардың улануыда кездесуде. Оттан абай болған абзал.

**Е.ЖАПАРҒАЛИ,**
**Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы,**
**азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

# Электр қондырғыларының өрт қауіпсіздігі

Үйде тұрғындар электр техника және жылыту құралдарын белсене пайдаланады, нәтижесінде аталған кезеңдегі өрттердің басым бөлігі дәстүрлі түрде электр техникаға немесе оларды дұрыс қолданбауға байланысты себептерден орын алады. Өрттің себебі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылды. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірыңғай жалпы әдісі, сонымен қатар электр жабдықтарының өрт қауіпсіздігінің жеке әдісі жану көзінің пайда болу қауіпін, тез жанғыш ортаның, өрттің таралу жолдарының пайда болуын жоюды немесе шектеуді көздейді.

**Электр құралдарын пайдаланған кезде:** - электр қуатын қабылдағыштарды (электр құралдарын) оларды дайындаушы мекемелердің нұсқаулықтары талаптарына сәйкес келмейтін немесе ақаулығы бар болған жағдайларда қолдануға, сонымен қатар зақымданған немесе қорғағыш белгілерін жоғалтқан оқшаулаулары бар электр сымдары мен кабелдерін пайдалануға; - тежегіштердің балқығыш ендірмелері жанып кеткен жағдайда қолдан жасалған ендірмелерді қоюға болмайды, бұл барлық электр сымдарының қызып кетуіне, олардың қысқа тұйықталуына және өрттің пайда болуына әкеліп соғады; - ашық электр сымдарын бояуға немесе үстінен түс қағаз жапсыруға; - ақаулы ажыратқыштарды, розеткалар мен патрондарды қолдануға; - электр шамдарын жанғыш материалдардан жасалған жапқыштармен жабуға; - жылу реттегіші жоқ немесе ақаулы электр жылытқыш құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электр сымдарына мөлшерден тыс салмақтың түсуін, олардың қатты қызып кетуі мен өтпелі қарсылығын болдырмау үшін жоғары қуатты бірнеше электр құралдарын бір розеткаға қосуға болмайды. Жиі түрде өрттің себептері - қосылып, қараусыз қалған электр жылытқыш құралдарының (электр плиталары, су қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, грелкалар) жанында орналасқан жанғыш заттардың тұтануы болып табылады. Қосылған электр жылытқыш құралдары жылуды сақтайтын жанбайтын қойғыштарға орнатылуы қажет. Сымдардың оқшауларының кеуіп кетуі мен зақымдалуының алдын алу үшін оларды жылитын жерлердің (пештер, түтіндіктер, жылыту батареялары, т.б.) бетімен жүргізуге болмайды. Үйден ұзақ уақытқа кеткен кезде электр жылытқыш және жарық бергіш құралдардың өшірілгендігін тексеріп, көз жеткізген жөн.

**Ә. ҚАБДЕШОВ,**
**Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,**
**азаматтық қорғау аға лейтенанты.**



# Қайролда Темірлан - «Сарқан бөрісі»

**Сарқан ауданында дәстүрлі «Сарқан бөрісі» турнирі өтті. Тартысты бәсекеде Аманбөктер ауылының палуаны Қайролда Темірлан қарсыластарын қапы қалдырып, бас жүлдені жеңіп алып, «Сарқан бөрісі» атағын иеленді.**

Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Алмас Ажарханұлы қатысушыларға сәттілік тілеп, балуандарға қолдау көрсетті.

Сайысқа ауданымыздың барлық округтерінен 10-нан аса сайдың тасындай палуандар қатысып, өзара мықтыларды анықтады.

Белдесу нәтижесінде: Қайролда Темірлан (Аманбөктер ауылы) алтыннан алқа тағынса, Мұратхан Ернар (Сарқан қаласы) күмісті еншіледі. Ал Құрмансейітов Адай (Алмалы ауылы) қолаға қол жеткізді.

Айта кетейік, Талдықорған қаласында өтетін «Жетісу бөрісі» додасында Қайролда Темірлан Сарқан ауданының намысын қорғайды.

**Өз тілшіміз.**

# СЕНБІЛІКТЕР ЖАЛҒАСУДА

Сарқан ауданында "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы аясындағы сенбіліктер жалғасуда. Қыркүйек айының 15-нен қараша айының 15-не дейін күзгі ауданның елді мекендерін абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту екі айлығы болып жарияланып, аудандық іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді.

Ауданның елді мекендерін санитарлық тазалау, абаттандыру іс-шараларының жоспары бойынша жалпы аудандық сенбіліктер өткізілді.

Жалпы өткізілген сенбіліктерге орташа есеппен 300 - ден аса аудан тұрғындары жұмылдырылып, 20 тоннадан артық күл - қоқыс шығарылып, 3 арнайы техника жұмылдырылды. Сонымен қатар Республика аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасуына байланысты аудан аумағында 2025-2026 жылдарға жұмыс кестесі құрылып бекітілді және жоспарға сай жұмыстар атқарылуда.

Атап айтқанда, күзгі ауданның елді мекендерін санитарлық тазарту айлығы барысында 12 қыркүйек, 17 қыркүйек күндері сенбіліктер ұйымдастырылып, 900-ге жуық адам тартылып, 17 арнайы техника жұмылдырылды. Сенбіліктер барысында демалыс орындары мен саябақтарда тазалау жұмыстары жүргізіліп, қоқыстар жиналды, қураған ағаштар кесілді және жасыл желектерге күтім көрсетілді. Сонымен қатар, «World Clean Up Day» жаһандық экологиялық акциясы аясында жалпы облыстық сенбілік өткізілді. 1000-ға жуық адам қатысып, 15 арнайы техника жұмылдырылды.

25 қыркүйек күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылып, 800-ге жуық адам тартылып, 13 арнайы техника жұмылдырылды.

**Өз тілшіміз.**

# Хабарландыру/ *Объявление*

►Аз. **Абылкасымов Кайролла Рымжанович** 2025 жылдың сәуір айының 19-ында қайтыс болуына байланысты ҚР заңнамасы бойынша Қазақстан Республикасының жекеше нотариусы Ерболаев Алмас Алибекович, 2025 жыл 03 қазан күнінен бастап мұрагерлерді қабылдауды бастайды. Мекен жайы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі № 100-ші үй, №16 пәтер, ұ.т. (+77786589848).

►В связи с утерей гос.номера автомашин Газ 5204 B453BW и Газ 3102-121 B662DE зарегистрированные на имя **КГУ «Гуманитарно-экономическая школа-лицей им. Н. Островского»** считать недействительным.


# БАСПАСӨЗ - 2026

**Құрметті оқырмандар!**
**Ауданның тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болғыңыз келсе, сан-саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе**

SARQAN

**газетіне жазылыңыз!**
**Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.**

*Зейнеткерлер үшін индексі 35202, жылдық бағасы - 5172 теңге.*

*Жеке жазылушылар үшін индексі 65202, жылдық бағасы - 6172 теңге.*

*Мекеме-ұйымдар үшін индексі 15202, жылдық бағасы - 7172 теңге.*


# ЕСКЕ АЛУ

## ЖҮРЕГІ ЖОМАРТ ЖАН ЕДІ



Жанында жүрген жақсы адам мәңгілік келмес сапарға аттанғанда жан-дүниең қатты құлазитыны заңдылық қой. Содан да болар Көкжиденің азаматы, өнегелі перзент, асыл жар, ардақты әке **Мұқатай Жомарт Мұратұлы** туралы өткен шақпен сөйлеу оңай емес. Зыр айналған тіршілік, қымқуыт уақыт алға озған сайын Жомарт бауырдың азаматтық тұлғасы одан сайын биіктей түскендей. Бұл дүниеде жүрген бізге жақсы көретін қадірлі жерлесіміз туралы естелік айтып, Алладан рухы мен иманына салауат тілеуден басқа қолдан келер не бар дейсің.

Жомарт Мұратұлы 1964 жылы Көкжиде ауылында дүниеге келген. Азамат болып, арнаулы білім алып, «Прибалхаш» совхозының құрылыс учаскесінде абыройлы қызмет атқарды. Жекешелендіру науқаны басталғанда жеке кәсібін ашып, жерлестеріне, шаруашылыққа демеушілік көрсетіп, атына сай жүрегі жомарт жан екендігін айналасына танытты.

Зайыбы Гүлнар Бейсенбекқызы екеуі қос перзентіне саналы тәрбие бере білді. Бүгіндері Әлия мен Темірлан өсіп-өніп, ата-анасына немере сүйгізіп, әке жолын жалғастырып, кәсіптерінен нәсіп тауып отыр.

Жомарт Мұратұлымен тонның ішкі бауындай аралас-құралас жүрген жылдар жадымыздан өшпейді. Ұрпақтары жылдық асын беріп, әкесінің рухына арналған игі шараларды жүзеге асырып келеді. Ежелден ұрпағы бар адамдардың есімдері жаңғыра беретіндігін өмір бізге көрсетіп отыр. Алла тағала артында қалған ұрпақтарына өркенді өмір берсін!

**Достарының атынан еске алушы: Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық Кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрахмет МАТКАРИМОВ.**



Мына өмірдегі ең жақын, ең сенімді жан, кішкентайдан бірге өсіп, бірге күлген, әр қуаныш пен қайғыны бөліскен адамды жоғалту қандай ауыр. Абай ауылының тумасы, қимас бауырым **Райханов Мұсабай Қапанұлы** өмірден озғанда осындай ауыр күйде болдым. Бауырымның аманат жанын Аллаға табыстағанына да бір жыл болады екен. Мал дәрігері мамандығы бойынша жұмыс істеген бауырым жан-жақты жан еді. Еркін күрестен спорт шебері атанған бауырыма деген сағынышым қанша уақыт өтсе де басылмайды. Оның ізгі істері, жарқын жүзі біздің естелігімізде, дұға-тілегімізде және жүрегімізде мәңгі сақталады. Жарқыраған бауырым көзден ғайып болғанмен жүрегімізден ешқашан кетпейді!

Көзімді құдай жылатты,
Бәйтерегім, бауырым, батырым.
61 мүшелінде бақилық боп құлады,
Шаңырағында ұлы Ербол жалғыз қалды.
Еске алып елжірейді, бауыр-қарындастары,
Әпке-жезде, аға-жеңге, курстас, достары.
О дүниеде қауышып жұбайы Толқынменен,
Жалғызына енді ырыс берсін рухтары!
"Спорт шебері" белгісі кеудесінде,
Сағындық қой жарқылдаған жүзіңді.
Қалай ғана ерте кеттің, жүрміз қимай,
Қойны суық қара жерге бере алмай.

**Еске алушылар: барша туыстары және әпкесі Айжан.**


SARQAN

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.